Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

КК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 103 (7063) | Жексенбі 27 май 1945 жыл | Шығуына 27-жыл Жеке саны 20 тиын

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Сталин жолдасқа

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Сізге Советтік Литва еңбекшілерінің жалынды сүйіспеншілік, берілгендік және қуаныш сезімін жолдаймыз.

Гитлеризмге қарсы күресте ұлы жеңісімізің ұмытылмас күндерінде фашизмнің аюандық күшіне қарсы күресте біздің әділетті ісіміздің жеңісі, прогрестің бостандық пен әділеттіктің жеңісі өзінің ежелгі жауы неміс басқыншыларға қарсы күресте литван халқының да жеңісі болып саналады. Неміс басқыншылар бұдан 700 жылдан аса уақыт бұрын Литва жеріне басып кіріп, біздің халқымызды құлданып, қырып-жоюды әрқашанда көзден келген болатын.

Ұлы орыс халқы және басқа совет халықтарының көмегінсіз, Ленин—Сталин партиясының данышпандық саясатынсыз біздің халық Панеряй мен Каунастағы ажал алабында және адамдарды жаппай қырғынға ұшырататын тағы басқа жерлерде гитлершіл қанкұйлы жендеттер азаптап өлтірген сан мыңдаған құрбандар сынқты күйге ұшырайтындығын литван халқы жақсы біледі.

Литван халқының апаттан құтқарылуы, немістердің құлдығынан оның азат етілуі, өз мемлекетін және шынайы тәуелсіздігін қалпына келтіру, өзінің ежелгі астанасы Вильномен қоса барлық Литва жерін Советтік Литва туының астына біріктіру, сойтып адам баласының қас жауын жеңіп шығу жолына қатысуы болу сынқты Ұлы бақытқа жету,— міне мұның бәрі литван халқы таңдап алған совет елінің ұстаған жолының дұрыстығын испаттайды.

Литван халқы Грюнвальдтегі жеңісін ғасырлар бойы мақтан етеді, мұнда литвандар славян халықтарымен күш қоса отырып неміс крестшілдеріне қарсы күрес жүргізген болатын

Сіз басшылық еткен батыр Қызыл Армияның неміс басқыншыларға қарсы күрестегі қазіргі жеңісі теңдесі жоқ тамаша жеңіс болып саналады.

Совет халқының Отан соғысында литван халқы жеңіске жету ісіне қатысып, улес қоскандығын әрқашан мақтан етеді. Партизан отрядтарының жау тылында жүргізген күресі, Литваның Қызылтулы 16-Клайпеда атқыштар дивизиясының жүргізген ұрыс қыймылдары, сол сынқты Қызыл Армияның тағы басқа құрамаларында литван жауынгерлерінің істеген жауынгерлік ерлік істері—жалпыға ортақ бұл күрес литван халқының Советтер Одағының барлық туысқан халықтарымен өмір бойына мызғымас байланысын бұрынғыдан да нығайта түсті.

Қымбатты көсеміміз және ұстазымыз, литван халқы өзінің азат етілуі, бахытты өмірі жолында туысқандық көмек көрсеткені үшін Советтер Одағының барлық халықтарына, Сіз басшылық еткен Қызыл Армияға борышты екендігін ешуақытта ұмытпайды деп Сізге сенім береміз.

Біз жеңіске жеттік. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды. Неміс басқыншылар салған жараны жазуға совет елінің барлық халықтары сынқты литван халқы білек сыбана кірісті. Ол қыйратылған қалалар мен селоларды, фабрикалар мен заводтарды, мектептер мен университеттерді, клубтар мен театрларды қалпына келтіруде. Ауыл шаруашылығы көркеюде.

Советтік Отанымыз ұлан-байтақ және қуатты Отан. Біздің халықтарымыздың тамаша және нұр сәулелі болашағы бар. Өйткені біздің еліміздің, біздің халықтарымыздың кемеңгер Ленин—Сталин партиясы жеңістен жеңіске бастап келеді.

Жеңісіміз жасасын!

Батыр Қызыл Армияның даңқы арта берсін!

Адам баласының бахыты мен қуанышы үшін Сталин жолдастың өмірі ұзақ болып, көп жасасын!

Литва ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ю. ПАЛЕЦКИС.
Литва ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі М. ГЕДВИЛАС.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ӘСКЕРЛЕРІ ҚОЛБАСШЫЛАРЫНЫҢ ХҰРМЕТІНЕ КРЕМЛЬДЕ ҚАБЫЛДАУ МӘЖІЛІСІ

Кеше, 24 майда, ССР Одағының Үкметі Кремльде Қызыл Армия әскерлері қолбасшыларының хұрметіне қабылдау мәжілісін жасады. Қабылдау мәжілісінде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері, Халық Комиссарлары, БК(б)П Орталық Комитетінің мүшелері, Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының өкілдері, совет өнеркәсібінің, ғылым, көркем өнер, әдебиеттің көрнекті қайраткерлері болды.

20 сағатта қонақтар үлкен Кремль Сарайының Георгиев залына жыйналды. Мұнда даңқты армиямыздың, қаһарман халқымыздың ұлы жақсы өкілдері жыйналды. Жауды талқандау жеңінде Сталиндік данышпандық жоспарды жүзеге асырған Советтер Одағының даңқы асқан Маршалдарының, майдандардың қолбасшыларымен қатар Социалистік Еңбек Ерлері, творчестволық өнері Қызыл Армияны бірінші дәрежелі соғыс техникасымен қамтамасыз еткен совет қаруының аса көрнекті конструкторлары көзге түседі.

Бүкіл дүние жүзіне жеңіс жеңіндегі қуанышты және шаттық хабар тараған даңқты күннен бері небары екі апта уақыт өтті. 9 майда Сталин жолдастың совет халқын Ұлы Отан соғысының жеңіс пен аяқталуымен құттықтаған тарихи сөзін бүкіл еліміз зор қуанышпен тыңдады: «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен таршылығы, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз боска кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды».

Қызыл Армияның және одақтастар әскерлерінің берген соққысы астында қаракшы Гитлер Германиясының күл-талқаны шықты. Біздің жеңісіміздің туы тізе бүккен Берлин үстінде тігілді. Зеңбіректердің даусы басылып, қантөгіс ұрыс тар тоқталды. Жеңген халық—ұлы совет халқы өзінің адал ұлдары күрес жүргізіп, еңбек сіңірген әділетті ісіміздің салтанат құрған күні—ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІН мақтанышпен мерекеледі.

Бүгін қарт Кремль жеңушілерді қарсы алып отыр. Олардың бәрі—қатардағы жауынгерден бастап маршалға дейін—кемеңгер Сталин тәрбиелеп өсірген даңқты адамдар. Сталин оларды соғыстың барлық қыйыншылықтары мен сынынан бастап өткізді, олардың жігерін шыңдап, оларға жауды жеңу өнерін үйретті. Қазіргі соғыстың ұлы шайқастарында жауынгерлеріміз бүкіл дүние жүзі алдында асқан ерліктің, батырлық пен қаһармандықтың үлгілерін көрсетті. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы жойқын ұрыстарда оларды біздің ұлы [illegible]

жан еңбекшілерінің, Өзбекстан мен Грузияның жұмысшылары мен колхозшыларының, Ленин—Сталиннің жеңімпаз ұлы туы астында туысқандық одақ болып бірікken барлық ұлттар еңбекшілерінің отаншылдық күш-қайратының жемісі.

20 сағат. Залға И. В. Сталин жолдастың, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. А. Жданов, Н. С. Хрущев, Л. М. Каганович, А. А. Андреев, А. И. Микоян, Н. М. Шверник, Л. П. Берия, Г. М. Маленков, Н. А. Булганин, Н. А. Вознесенский жолдастардың келуін қонақтар ерындарынан тұрып ұзақ, ду қол шапалақтап қарсы алды. Жеңісімізге дем беруші және оны ұйымдастырушы кемеңгер Сталин жолдастың хұрметіне, оның серіктерінің хұрметіне жасалған қызу овация бірнеше минутқа созылды.

Залда тып-тыныш. Молотов жолдас Советтер Одағының маршалдарын президиумнан орын алуға шақырды. Еділден Шпреге дейін, Москва іргесінен Берлинге дейін, Украина далаларынан Бранденбургке дейін жасалған жауынгерлік ұлы жорықтарға басшылық еткен даңқты қолбасшыларды залдағылар қызу құттықтады.

В. М. Молотов жолдас жыйылған қонақтарға арнап қысқаша сөз сөйледі.

—Жолдастар, үкметіміз бұл қабылдауды социалистік құрлыстың, ғылымның, көркем өнердің аса көрнекті қайраткерлерінің қатысуымен, Қызыл Армия әскерлері, қолбасшыларының хұрметіне ұйымдастырып отыр. Үкметіміздің бүгінгі қабылдауы герман фашизміне қарсы Ұлы Отан соғысының көтерген майдандарында армиямызды ұрыска бастап, елімізді жекеқұрын басқыншылардан тазарт қан, сойтып гитлершіл Германияны жеңіп шығуымызға жеткізген совет қолбасшыларының хұрметіне өткізілін отыр. (Ду қол шапалақтау). Бұл күндерде бүкіл совет халқы жауынгерлеріміз бен командирлерімізге, соғыстың бұл қыйын-қыстау жылдарында халқымыздың тәуелсіздігі, бостандығы мен бахыты үшін күрес жүргізген адамдарға назарын аударып отыр. Бұл күндерде бүкіл совет халқы өзінің жеңімпаз армиясына және оның басшыларына олардың жауынгерлік еңбегіне орынды түрде мақтаның сезімін білдірумен және өздерінің ержүрек жауынгерлері мен командирлеріне шексіз сүйіспеншілік сезімін білдірумен назарын аударып отыр. Бүгін біз қызыләскерлеріміз бен соғыс теңізшілерімізің хұрметіне, офицерлеріміздің, генералдарымыздың, адмиралдарымыз бен даңқты маршалдарымыздың хұрметіне және ең алдымен, біздің күресімізге басшылық еткен, басшылық етіп отырған және халқымызды та-

рының арасында мызғымас достықтың үлгісі болуға тиіс совет-поляк достығы хұрметіне тост көтеруді ұсынамын.

Залдағылар жылы жүзбен құттықтаған поляк еңбекшілерінің өкілдері президиумға келді. Сталин жолдастың хұрметіне, совет-поляк достығы хұрметіне құттықтау сөздері айтылды. Польша өкілдері Сталин жолдастың хұрметіне, өз тілінде құттықтау жырын жырлады.

Молотов жолдас орыс халқының аса көрнекті өкілі, большевиктік Орталық Комитеттің ең қарт мүшесі, Совет Мемлекетінің Басшысы, бәрімізге сүйікті Михаил Иванович Калининнің саулығына»тост көтерді.

Залдағылар Молотов жолдастың сөзін ду қол шапалақтап қарсы алды.

И. В. Сталин жолдас қонақтарға арнап сөз сөйледі:

—Мен сыртқы саясаттың басшысы Вячеслав Михайлович Молотовтың хұрметіне тост көтеруді ұсынамын. Жақсы сыртқы саясаттың кейде майдандағы екінші армиядан да салмақты болатынын ұмытпаңдар. Вячеславтың хұрметіне тост көтерейік!

Залдағылар Молотов жолдастың хұрметіне ду овация жасады.

Молотов жолдас Қызыл Армия әскерлері қолбасшыларының хұрметіне тост көтеру жеңінде залдағыларға ұсыныс жасады.

—Мен ең алдымен Жуков жолдастың есімін атауға тиіспін,—дейді Молотов жолдас. Москваны қаһармандықпен қорғау, Ленинградты қорғау, бізбен достас Польшаның астанасы—Варшаваны азат ету Жуков жолдастың есімімен байланысты. Маршал Жуковтың басқаруындағы әскерлеріміз фашистердің жылан ұясы—Берлинге басып кіріп, оның үстінде жеңіс туын тікті. Маршал Жуковтың саулығы үшін!

Залдағылар айбынды Қызыл Армияның және оның қолбасшыларының хұрметіне тағы да ду қол шапалақтады.

Молотов жолдас Украинада болған ұрыстардың батыры, Праганы азат еткен, әскерлері Маршал Жуковтың әскерлерімен бірге Берлинге басып кірген қолбасшы, Маршал Конев хұрметіне; қазіргі соғыста тарихи өзгеріс туғызған Сталинград соғысының батыры, Белоруссияда ұрыс қыймылдарына басшылық жасаған, Данциг пен Штеттинмен неміс-терді қуып шығарған қолбасшы, Маршал Рокоссовскийдің хұрметіне; әскерлері Ленинград іргесінде неміс-терді талқандаған, Таллинді азат етіп, жаудың Карельмойнағындағы қуатты қорғану бекінісін талқандап, Выборгты азат еткен Маршал Говоровтың хұрметіне; Ростовты азат ет-

Пруссиядағы ұрыстардың батыры, әскерлері неміс милитаризмінің қамалы — Кенигсбергті алған Маршал Василевскийдің хұрметіне; неміс-тердің Зеландтағы әскер тобын талқандауды аяқтаған армия генералы Баграмянның хұрметіне; Солтүстікте совет әскерлерінің ұрыс қыймылдарына басшылық еткен Маршал Мерецковтың хұрметіне; өзінің әскерлерімен Карпат тауларынан жеңіс паздықпен өткен армия генералы Еременконың хұрметіне тост көтеруді ұсынды.

Қонақтар орындарынан тұрып, совет қаруының даңқын асырған, Жоғарғы Бас командованиенің данышпандық тапсырмасын тамаша орындаған даңқты Сталиндік қолбасшыларды шын жүректе құттықтады.

Молотов жолдас, азамат соғысы жылдарында Қызыл Армияға басшылық етіп, жас совет мемлекетін жаулардан қаһармандықпен сақтап қалған Қызыл Армияның қарт қолбасшылары хұрметіне тост көтеруді ұсынды. Молотов жолдас, азамат соғысы жылдарында совет әскерлерінің жеңімпаздық ұрыстарға бастаған және қазіргі Отан соғысы жылдарында әскерлерге басшылық жасаған Маршал К. Е. Ворошиловтың, Маршал Буденный мен Маршал Тимошенконың саулығы үшін тост көтерді.

Советтер Одағының Маршалдары, генералдар, социалистік өнеркәсіп, ғылым, көркем өнер мен әдебиет қайраткерлері ерындарынан тұрып, Қызыл Армияны даңқты қолбасшыларын шын жүректе құттықтады.

Молотов жолдас сөзінің қортындысында совет Соғыс-Теңіз Флотының басшылары, флот адмиралдары Кузнецов пен Исаковты, флот қолбасшылары адмиралдар Трибуцты, Октябрьскийді, Головкомен Юмашевті, сол сынқты артиллерия Бас Маршалы Вороновтан бастап авиация Бас Маршалдары Новиков пен Голованова дейін Қызыл Армияның арнаулы әскер түрлерінің Маршалдарын құттықтады.

Бұдан кейін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің хұрметіне, оның Председателі Маршал И. В. Сталиннің хұрметіне. Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Қызыл Армия әскерлерін қару-жарақтың барлық түрімен, танктермен, самолеттермен, оқ дәрімен жабдықтауды қамтамасыз еткен майдандағы әскерлерді тағы басқа жабдықпен және азық-түлікпен қамтамасыз еткен мүшелері—Л. П. Берияның, Г. М. Маленковтың, А. И. Микоянның, Л. М. Кагановичтің, Н. А. Булганиннің, Н. А. Вознесенскийдің хұрметіне тост көтерілді. Бұдан соң, Бас штаптың және оның бастығы—армия генералы Антоновты

Жеңімпаз Қызыл Армияның маршалдарына, генералдарына, офицерлеріне, сержанттары мен жауынгерлеріне

Қымбатты Сталин жолдас!

Жеңімпаз Қызыл Армияның қымбатты жауынгерлері!

Литван халқы Сіздерге алғыс айтады. Неміс-фашист басқыншыларды совет қаруының жеңіп шыққандығы туралы қуанышты хабарды әрбір қыстақта, әрбір селода, әрбір үйде еңбекшілер зор шаттықпен қарсы алды. Біздің алғысымызды қуаныш сезіміміздің, Сізгің қаһарманлық ісіңізді сөзбен толық айтып жеткізу қиын. Өйткені Сіз істеген мұндай ерлік іс ті тарих ешқашанда білген емес.

Неміс-фашист басқыншылар 1941 жылы 22 июньде литван балалары бейбіт ұйықтап жатқан Палангедегі пионерлер лагеріне оқ атты. Фашистер халқымызды жою үшін, азат адамдарды аюанға, құлақ кесті құлға айналдыру үшін келді. Литван халқының өміріне қатты қатер төнді. Біздің адамдарымыз азап пен қайғы-қасірет шегіп, фашист жауыздардың қаншерлік жауыздығын көрді. Немістер литван халқын ауыр күйге ұшыратпақшы болды.

Сіздер біздің халқымызды қатерден сақтап қалдыңыздар. Бостандық сүйгіш адам баласының қас жауы, бүкіл мәдениетті адам баласының қас жауы—қарақшы гитлеризмді жойдыңыздар.

Біздің азат өткен Сіздердің даңқыңыз артып, мерейлеріңіз үстем болсын!

Қызыл Армияның жеңімпаз әскерлерінің даңқы мәңгі өшпесін!

Литван халқы өзін бахытқа жеткізіп, азат өткені үшін кемеңгер Сталинге, большевиктер партиясына, сталиншіл маршалдарға, генералдарға, офицерлер мен солдаттарға борышты екендігін ғасырлар бойына ұмытпайды.

Азат етуші армия—жеңімпаз Қызыл Армия жасасын!

Біздің даңқымыздың туы, жеңістеріміздің ұйымдастырушы кемеңгер қолбасшы, данышпан көсеміміз, сүйікті досымыз және ұстазымыз Сталин жолдас жасасын!

Литва ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ю. ПАЛЕЦКИС.
Литва ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі М. ГЕДВИЛАС.
Литва К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі А. СНЕЧКУС.

И. В. Сталин жолдастың сөзі

—Жолдастар, тағы да бір ақырғы тост көтеруге лұқсат етіңіздер. Біздің совет халқының, ең алдымен, орыс халқының саулығы үшін тост көтергім келеді. **(Ду, ұзақ қол шапалақтау, «Ура» лаған дауыс).**

Мен ең алдымен, орыс халқының саулығы үшін ішемін, өйткені ол Советтер Одағындағы барлық ұлттардың ішінде ерекше ұлт.

Мен орыс халқының саулығына тост көтеремін, өйткені ол еліміздің барлық халықтары арасында Советтер Одағының басшылық күші деп бүкіл жұрт таныр лық еңбек сіңірді.

Мен орыс халқының саулығы үшін тостты оның басшы халық екендігі үшін ғана көтермейімін, сонымен қатар оның айқын ойлы, тұрақты мінезді және төзімді халық болғаны үшін де тост көтеремін.

Біздің үкіметтің хателері аз болған жоқ, 1941—42 жылдарда біздің орасан ауыр халге ұшыраған кезіміз болды, ол кезде біздің армиямыз кері шегінді, Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның, Ленинград облысының, Прибалтика, Карель-Фин республикасының тұрғындары мен қалаларын тастап шыққан болатын, бұл селолар мен қалаларды амал болмағандықтан тастап шыққан. Басқа халық болса үкметке: Сіздер ымітімізді ақтамадыңыздар, үкмет ...ан кетіңдер, біз басқа үкмет құрамыз, ол Германиямен бітім жасап, біздің ...ын болуымызды қамтамасыз етсін ...алар еді. Совет халқы бұлай демеді ...сені ол өз үкметі саясатының дұрыстығына сенді, сөйтіп Германияның та...далуын қамтамасыз ету үшін күрделі ...ка бел байлады. Сөйтіп орыс халқы Совет Үкметіне бұл сенімі адам баланың жауы—фашизмге қарсы курес...рихи жеңісімізді қамтамасыз еткен шешуші күш болды.

Осы сенімі үшін орыс халқына ра...

Орыс халқының саулығы үшін ...көтеремін! **(Ұзақ уақытқа созылған қол шапалақтау).**

* * *

Қонақтарды қабылдау кезінде ...концерт берілді. Бұған астананың та...лы артистері қатысты.

Советтер Одағының Маршалдары И. С. Коневқа, Г. К. Жуковқа, К. К. Рокоссовскийге, Р. Я. Малиновскийге және Ф. И. Толбухинге „Жеңіс" ордендерін тапсыру

24 майда ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің бірінші орынбасары Н. М. Шверник жолдас Жоғарғы Бас командованиенің зор көлемді ұрыс қиымылдарына басшылық жасау жөніндегі тапсырмаларын шеберлікпен орындағаны және бұл ұрыс қиымылдарының нәтижесінде неміс-фашист әскерлерін талқандау ісінде көрнекті табыстарға жеткені үшін наградталған Советтер Одағының Маршалдары И. С. Коневке, Г. К. Жуковка, К. К. Рокоссовскийге, Р. Я. Малиновскийге, Ф. И. Толбухинге «Жеңіс» ордендерін тапсырды.

Сол сияқты, Қызыл Армияда ұзақ жылдар бойына және ойдағыдай қызмет өткені үшін Советтер Одағының Маршалы Г. К. Жуковқа Ленин ордені тапсырылды. **(ТАСС).**

АҚШ Президенті Трумэннің өкілі Г. Гопкинс мырзаның Москваға келуі

25 майда АҚШ Президенті Трумэннің өкілі Г. Гопкинс мырза жамағатымен бірге Москваға келді.

Орталық аэродромда Г. Гопкинс мырзаны ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол Бөлімінің Меңгерушісі Ф. Ф. Молочков, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының АҚШ Бөлімі Меңгерушісінің Көмекшісі В. Д. Барсыкин, сол сияқты Американың Москвадағы Істеріне Сенімді Д. Кеннан бастаған Елшілігінің мүшелері, Франция Елшісі Ж. Катру, Ұлы Британия Істеріне Сенімді Ф. Робертс және басқалар болды.

Мұнымен қатар, Москваға АҚШтың ССРОдағы Елшісі В. А. Гарриман мырза және АҚШ Мемлекеттік Секретарінің Көмекшісі Ч. Болен мырза келді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінде

1945 жылғы көктемгі егісте ауыл шаруашылығының жоғары табысқа жеткен алдыңғы қатарлыларына сыйлықтар беру туралы

Жақында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «1945 жылғы көктемгі егісте ауыл шаруашылығының жоғары табысқа жеткен алдыңғы қатарлыларына сыйлықтар беру туралы» мәселе талқылап, қаулы қабылдады.

Көктемгі егісте жоғары табысқа жеткен және жұмысты сапалы атқарған тракторшыларға, бригадирлерге, звено бастықтарына, жұмысшыларға, колхозшыларға, аға мамандарға, совхоз директорлары мен колхоз председательдеріне сыйлық беру мақсатымен Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі және Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті көктемгі егістің алдыңғы қатарлыларына төмендегі мөлшерде өнеркәсіп және азық-түлік товарларынан сыйлықтар белгіледі:

а) **колхоздар бойынша:** тракторшыларға—3000, трактор бригадаларының бригадирлеріне—360, егін бригадасының бригадирлеріне—640, колхоз председательдеріне—400, колхозшылар мен звено бастықтарына—15 мың. Барлығы 19 мың 400 сыйлық;

б) **совхоздар бойынша:** тракторшыларға—400, трактор, егін бригадаларының бригадирлеріне—150, аға мамандарға және совхоз директорларына—50, жұмысшылар мен звено бастықтарына 1200. Барлығы 1.800 сыйлық.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті Қазақ ССР Сауда Халық Комиссариаты мен Қазақстан Тұтынушылар Одағына көктемгі егістегі алдыңғы қатарлыларға сыйлыққа беру үшін облыстарға өнеркәсіп және азық-түлік товарларының тасып жеткізілуін қамтамасыз етуді міндеттеді.

Сыйлық беру тәртібі мынадай болып белгіленді:

а) **колхоздар бойынша:** тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлеріне сыйлықты МТСтардың директорлары береді,

егіс бригадаларының бригадирлеріне, звено бастықтары мен колхозшыларға сыйлықты колхоз басқармасының председательдері береді;

колхоз председательдеріне сыйлықты аудандық жер бөлімдерінің ұсынуы бойынша, аудандық атқару комитеттері береді;

б) **совхоздар бойынша:** тракторшыларға, бригадирлерге, звено бастықтарына, жұмысшыларға сыйлықты совхоз директорлары береді;

аға мамандарға және совхоз директорларына сыйлықты облыстық совхоз трестінің ұсынуы бойынша, облыстық атқару комитеттері береді.

Колхоз басқармаларына колхозшылардың жалпы жиналысының келісімі бойынша тракторшыларға, трактор бригадалары мен егін бригадаларының бригадирлеріне, звено бастықтарына, колхозшыларға және колхоз председательдеріне берілетін заттай сыйлықты колхоздардың мәдени-тұрмыс орындарының қаржы есебінен алу ұсынылды.

Ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлыларына сыйлық беруді белгілеу аудандық атқару комитеттері мен ҚК(б)П аудандық комитеттеріне жүктелді. Бұл сыйлық аудандық жер бөлімдері б...тарының, МТСтармен совхоз директорларының ұсынуы бойынша белгілене...

Қазақ ССР Халық Комиссарлары...ті мен ҚК(б)П Орталық Комитеті о...тық атқару комитеті мен ҚК(б)П о...тық комитетіне мыналарды міндетт...

а) облысқа, ауданға товарлардың...лық түсуін күшей-ақ алдыңғы қат...ларға берілетін сыйлық өнеркәсіп...дарының базаларында, сауда ұйым...ның складтары мен бөлшек сауда...дерінде, сол сияқты товарлар шы...тын ұйымдарға бар товарлар есе...толықтырыла беретін болсын;

б) облыстар үшін белгіленген сы...тар аудандарға бөлінсін, ал, аудан...берілген сыйлық бескүндіктерге бе...көктемгі егістің аяғына дейін әрбір...күн сайын сыйлық берілсін;

в) көктемгі егіс кезінде алдыңғы...дыларға сыйлық деркезінде берілін...тын болсын. Үгіт-көпшілік жұмысы...сы ұйымдастырылып, көктемгі ег...алдыңғы қатарлылардың табысы, о...тық аудандық газеттерге кеңінен а...сын, радио арқылы МТСтарда, колх...мен совхоздарда қабырға газеттері...«жауынгерлік листоктар» арқылы к...лікке таратылып отырылатын болсы

ерман империализмін күйреткен Қызыл Армия мен совет халқының ұлы жеңісі

міс-фашист баскыншыларга карсы
халкының Ұлы Отан согысы жеңіс
ақталды. «Қызыл Армия және одақ
арымыздың әскерлері жүгіндірген фа
ік Германия өзінің жеңілгендігін
ндан, сөзсіз тізе буккендігін жария-
». Ерікті халкымызды бағындырмақ
н; дүние жүзін жаулап алмақ бол-
герман империалистерінің өздері
болды. Берлиннің күл-талкан болуы
істік «Үшінші империяның» құлап,
олата күйрегендігінің белгісі.
үгіннен бастап,—деді Сталин жолдас
йда халыққа арнаған үндеуінде,—
на үстінде халықтар бостандығы-
және халықтар арасындағы бейбіт-
стің ұлы туы желбірейді».
дерінің отанын қорғау үшін, мәде-
і дүниені фашист сойканшылардан
ару үшін еліміздің халықтары жүр
і кан төгіс ауыр күрес аяқталды.
тшілікпен өркендеу дәуірі бастал
Қайтадан көркею көктемі шықты.
етілген елдер халықтарының бейбіт
пен өмір сүретін кезі жетті.
ағы Бас қолбасшы Сталин жол
ға қойған міндетті Қызыл Армия
на орындап шықты. Одақтастары
ың әскерлерімен жауынгерлік ынты
жасай отырып, Қызыл Армия немі-
ст армиясын талкандады. Қызыл
я жауынгерлері Берлин үстіне же-
туын тікті.
ызыл Армияның және одақтастары
ың әскерлерінің жауға еселеп қыл-
соққы беруі нәтижесінде Гитлер
шиясы амалсыздан сөзсіз тізе бүкт-
р Германиясы қарсыласу күрделі
ң барінен айырылды, барлық мум-
лігі жойылды. Герман армиясының
ық тобын талкандау, Қызыл Армия
лерінің Берлинді алуы Германияны
та толық талкандауды аяқтауын
ші кезеңі болды. Неміс астанасы
ғаннан кейін немістердің Германия-
және оның армиясын басқарып отыр
н күш-күралдарының бәрі біржола
күйреді.
шист шапқыншыларға қарсы согыс
негізгі ауыртпалығын көтерген со-
калқы мен оның қаһарман Қызыл
ясы мұндай күшті залым жауға
ы ұлы күресте негізгі міндетті ат
ы.
льшаны және Батыс Европа немле-
рін тез арада оңай жеңіп мастан
өзінің армиясын жеңілмейді деп.
н «қауырт шабуыл» стратегиялық
ысын мінсіз деп сенген фашистік

Генерал-майор Н. ЗАМЯТИН.

бәрі іске аспады. Шынында немістер осының өзінде-ақ согыста жеңілген еді. Қызыл Армияның 1944 жылғы шешуші жеңістері Гитлер Германиясының біржолата талқандалуға бет алганын айқын көрсетті. Согыс қиымылдары соның өзін де Германия жеріне көшірілді. 1944 жылғы ұрыстардың барысында неміс армиясы совет-герман майданында тағы да 136 дивизиясынан және орасан көп қару-жарағынан айырылды. Гитлер генералдарының совет-герман майданында ұрыс қиымылдарын «тоназытпақ», согысты позиция ұрыстарына айналдырмақ, негұрлым уақытты көп ұтпақ болган әрекеттері Қызыл Армияның еселеген күшті соққысына төтеп бере алмай, біржолата күйреді.

Фашист билеп-төстеушілер Біріккен Ұлттар арасында алаң ауыздық туды. одақтастардың іс бірлігі бұзылуы мүмкін деп дәмеленді. Бірақ, жаудың бұл ниеті де іске аспады.

Қызыл Армияның жеңістері одақтастарымыздың жауды Солтүстік Африкада талкандауына, Италияны саптан шыгаруына, ал 1944 жылдың жазында Европада кеңінен ұрыс қиымылдарын бастауына мүмкіншілік туғызды. Германия екі майданның қыспағында калды. Қызыл Армия Германияның итаршыларын кеңіп, катарлан шыгарды. Гитлер Германиясын согыста біржолата жеңу үшін жауға еселеп үзілді-кесілді соққы беруге жарадай туды. Бұл соққылардың нәтижесінде Германия біржолата күйреді.

1945 жыл Қызыл Армияның осындай үзілді-кесілді жеңістерінің жылы болды. Совет әскерлерінің еселеген қатты соққысына төтеп бере алмай, жаудың қорғану бекіністерінің бәрі біржолата қиырады. Қызыл Армия быйылгы январьда қауырт шабуыл бастап, Германия әскерлерін бірнеше күннің ішінде Висладан Одерге дейін және онан асыра қуды. Әскерлеріміздің тамаша шеберлікпен әдіс қолдануы нәтижесінде жаудың Шығыс Пруссиялық әскер тобы коршалып, тез арада тықсырылды, сөйтіп көп ұзамай талқандалды. Немістердің Карпат тауларындағы, Венгриядағы қорғану бекінісін де күйреді. Немістер Австрия жерінің ортасына карай ұмтылган біздің шабуылымызды тоқтатпақ болды, бірақ жаудың бұл әрекеті де іске аспады.

Быйылгы көктемде Одер бойында катсында жанжал шыгады деп дәмеленді. Олар совет өкметі сөзсіз дағдарыска ұшырайды, совет мемлекеті дағдарыска ұшырап, күйрейді деп дәмеленді. Олар ота нымызды—Советтер Одағын жоймақ болды. Бірақ «Мәселе іс жүзінде гитлершіл дердің сандырағынша болмай, тіпті бас қаша болып шықты. Германияның талқаны шығып, күйреді» (Сталин).

Согыстың сабақтары, деді Сталин жолдас, совет құрылысы бейбітшілік құрылыс жылдарында еліміздің шаруашылық және мәдениет күшін ұйымдастырудың жақсы түрі болып қана коймай, оның үстіне согыс кезінде халқымыздың барлық күшін жауға тойтарыс беруге жұмылдырудың жақсы түрі болып шыққанын көрсетті. Согыс күндерінде совет халқының моральдық-саяси бірлігі онан сайын айқын көрініп, онан сайын күшейді, Советтер Одағының халықтары арасындағы достық онан сайын нығайды .Советтік отанымыздың күші және жеңімпаздық қуаты міне осында.

Совет құрылысы арқасында халқымыз, согыс уақытының қыйыншылықтарына қарамастан, қарулы күштеріміздің мұлтіксіз, мандай алды согыс техникасы мен және жеңіс үшін не керек болса соның бәрімен жабдықталуын қамтамасыз етті. Қызыл Армияға көмектесу, майданға көмектесу үшін совет адамдары жанқыярлықпен жұмыс істеді. «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, согыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен таршылығы, отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз боска кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды». Бұл ұлы жеңістерге большевиктік партиянын және халықтардың көсемі Сталин жолдастың басшылығымен жеттік.

Қызыл Армия жауынгерлерін жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы Ленин-Сталиннің ұлы партиясы төңірегіне топталган совет адамдарының бәрін Лениннің ұлы бейнесі ұшталдырып, еңбек және ұрыс майданында ерлік істерге жұмылдырып отырды, оларды көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдастың данышпандығы жігерлендіріп, бағыт көрсетіп отырды.

Ұлы Сталиннің басшылығы арқасында армиямыз согыстың барысында тас даулы согыс өнеріне сүйенген айбынды, қуатты, жеңімпаз армияға, тәжірибелі, батыр өз ісіне шын берілген офицерлер, генералдар мен маршалдар басқарып

БҮГІН—КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ АЯҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНКҮНДІКТІҢ СЕГІЗІНШІ КҮНІ

Егіс жоспарын әрбір колхоз бен совхоз толық және артығымен орындайтын болсын!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет аткомі мен КК(б)П облыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

МАМЛЮТ АУДАНЫНАН:

«ПУТЬ ОКТЯБРЯ» колхозы (председателі ТЕПЛЯКОВ жолдас). Бұл колхозда жоспар бойынша 710 гектар орнына, 731 гектар егіс егілді.

«РОСТОК СОЦИАЛИЗМА» колхозы (председателі НИЖНИК жолдас). Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалып, жоспардан тыс 10 гектар егіс егілді.

ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЙ МТСның трактор бригадасы (бригадирі БЕКИШЕВ жолдас). Бұл бригаданың тракторшылары 730 гектар орнына, 797 гектар жер жұмыстап, егіс кезінде істелетін жұмыс жоспарын 109 процент орындады. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 135 гектар жер жұмыстады.

ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЙ МТСның трактор бригадасы (бригадирі СИЗОНЕНКО жолдас). Бұл бригаданың тракторшылары 835 гектар орнына, 927 гектар жер жұмыстап, көктемгі егісте трактормен істелетін жұмыс жоспарын 111 процент орындады. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 127 гектар жер жұмыстады.

ВИЛЬЯМС атындағы МТСтың трактор бригадасы (бригадирі РУМЯНЦЕВ жолдас). Бұл бригаданың тракторшылары 276 гектар орнына, 437 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 159 процент орындады.

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫНАН:

«МАКС ГЕЛЬЦ» колхозы (председателі КАСЬЯНИК жолдас). Бұл колхозда егіс жоспары 100 процент орындалды.

ЛЕНИН АУДАНЫНЫҢ КҮЙБЫШЕВ АТЫНДАҒЫ МТСынан:

М. ЛЕКИН жолдас басқарған трактор бригадасы. Бұл бригада көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 175 процент орындады. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 199 гектар жер жұмыстады.

Б. ӘУБӘКІРОВ жолдас басқарған трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары 359 гектар орнына, 725 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 201 процент орындады.

МАКСИМ ЮШКО жолдас басқарған трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары 15 аттың күші бар әрбір трактормен 202 гектар жер жұмыстап, көктемгі егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 180 процент орындады.

И. КОМАРНИЦКИЙ жолдас басқарған трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары 593 гектар орнына, 850 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 143 процент орындады. 15 аттың күші бар әрбір трактормен 173 гектар жер жұмыстады.

ЛЕНИН АУДАНЫНЫҢ ОБРАЗЦОВАЯ МТСынан:

Г. ВЛАСОВ жолдастың басқаруындағы трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары 341 гектар орнына, 483 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 141 процент орындады және 401 килограм жанармай үнемдеді.

К. САТЫБАЛДИН жолдастың басқаруындағы трактор бригадасы Бұл бригаданың тракторшылары 477 гектар жер жұмыстады да тапсырманы 151 процент орындап, 456 килограм жанар майды мөлшердегіден кем жұмсады.

ПРИЕШІМ АУДАНЫНЫҢ ПРИЕШІМ МТСынан:

М. БЕБИН жолдастың басқаруындағы трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары көктемгі егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 118 процент орындады.

П. РУДНЕВ жолдастың басқаруындағы трактор бригадасы. Бұл бригаданың тракторшылары 574 гектар орнына, 642 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 120 процент орындады. Мұнда орта есеппен алғанда, 15 аттың күші бар әрбір трактормен 109 гектар жер жұмыстады.

СОВЕТ АУДАНЫНАН:

ШАҒЛЫ МТСның трактор бригадасы (бригадирі В. ЯНИЦКИЙ жолдас). Бұл бригаданың тракторшылары 611 гектар орнына, 777 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 121 процент орындады. Мұнымен қатар бригада 905 килограм жанармай үнемдеді.

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 25 майға дейін облыс колхоздары 222392 гектар егіс егіп, егіс жоспарын 74,1 процент орындады. 24 майда колхоздар 9883 гектар егіс екті.

Егісте бұрынғыша Октябрь ауданының колхоздары үздік келеді. Мұнда 24 майда 1000 гектар орнына, 1311 гектар егіс егілгіп, жалпы егіс жоспары 84,1 процент орындалды. Ауданда барлығы 37011 гектар егіс егілді. 24 майда Ленин ауданының колхоздары 1300 гектар орнына, 1932 гектар жерге тұқым сеуіп, егістің жалпы жоспарын 82,7 процент орындады. Петропавл ауданының колхоздары соңғы бір күнде мөлшерделгіден 89 гектар артық өнім берді. Олар егістің жалпы жоспарын 82,3 процент орындап, облыс бойынша, үшінші орында келеді. Мамлют ауданының колхоздары 24 майда 1000 гектар орнына 1916 гектар егіс екті. Мұнда барлығы 23956 гектар жерге тұқым себілгіп, егіс жоспары 79,6 процент орындалды. 19103 гектар егіс егіп, Приешім ауданының колхоздары жоспарды 73,4 процент орындады. Соңғы бір күнде бұл аудан мөлшердегіден 302 гектар артық өнім берді.

Егіс қарқыны өрісе Совет, Соколов, Булаев және Конюхов аудандарында қанаттанғысыз болып отыр. Соколов ауданында 24 майда 700 гектар орнына 382 гектар ғана егіс егілді, сөйтіп жалпы егіс жоспары 66,6 процент ғана орындалды. Конюхов ауданының колхоздары соңғы бір күнде 1880 гектар жерге тұқым себу керек болса, бұл тапсырманың тең жартысын да орындай алмады. Егіс қарқыны Преснов ауданында да баяулап барады.

Колхоздар 173793 гектар жер жыртып, жер жырту жоспарын 73,3 процент орындады. Жер жыртуда Петропавл ауданының колхоздары бірінші орында, Октябрь ауданының колхоздары екінші орында, Ленин ауданының колхоздары үшінші орында және Полудень ауданының колхоздары төртінші орында келеді. Преснов, Булаев, Соколов және Конюхов аудандарының колхоздары жер жырту қарқынын мүлде өріс тете алмай, бүкіл облысымызды кейін тартып отыр. Осының салдарынан 24 майда небары 7119 гектар ғана жер жыртылды.

Бүгін—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі республикалық онкүндіктің сегізінші күні, Бірақ кейбір аудандарда онкүндіктің талабы мен мақсаты жете орындалмай, жұмыс қарқыны кешіргісіз баяулап кетті. Бұл жағдайға бұдан әрі төзімділік жасау егіс жоспарын 1 июньге дейін орындай алмау, сөйтіп егістің агротехникалық шараларын өрескел түрде бұрмалау қауіпін туғызады. Бұл

Дөңқыстағы аудандың салдары

ге тура келсе де, оған қарамастан Қы л Армия неміс командованиесінің жос рын-күйретті. Соғыстың алғашқы ай рында-ақ қауырт соғыс идеясының жолата беделі түсті. Кейіннен неміс дің басқа есептерінің бәрі де іске асай қалды. Нәмістердің 1941 жылғы ысқы шабуылы Москва түбінде герман шис армияларының қатты талқанда ымен аяқталды.

1942 жылы—отан соғысының екінші лында ұрыс майданында мұнан да , тамаша табыстарға жеттік. Бұл жы айбынды әскерлеріміз Севастопольді нқыярлықпен қорғап мәңгі өшпейтін ңқа жетті. Сталинградты ерлікпен ғау тарихтан көрнекті орын алды. Та ша ойластырылып, жүзеге асырылған ыс әдісінің нәтижесінде Сталинград бінде 300 мың неміс әскерлері қоршау алынып, жойылды. 1941 жылы Қы л Армия асқан табандылықтың, қаһар ндықтың, қорғану ұрыстарында соғыс сін шеберлікпен қолданудың үлгілерін рсетсе, Сталинград түбіндегі ұрыста ызыл Армия және оның қолбасшылары нымен бірге үлкен шабуыл жүргізуде зіргі заманның соғыс өнеріне мейлін жетілгендігін көрсетті. Германия ар ясы мықтап жеңіліп, ол мұнан енді йтып оңала алмастай күйге түсті. Ста нград түбіндегі ұрыс неміс-фашист ар ясының күні бата бастағанын көрсет

Әскерлеріміздің Сталинград түбіндегі шісінен кейін Қызыл Армияның ұштас н тамаша жеңістері басталды. Қызыл армияның еселеген соққысы барған сайын күшейе берді. Әскерлеріміздің ба ска бет алған шабуыл қауқыны бар н сайын үдей берді.

1943 жылдың жазында Курскі түбін Қызыл Армия әскерлері, отанымыз ң астанасына тағы өтпек болған Ста нград түбінде айырылған соғыс ини ативасын қайтарып соғыстың бары нда өз пайдасына өзгеріс туғызбақ лған немістердің көп әскер тобын тал ндады. Бұл жылы сол жағалаудағы раинаның бәрі, Белоруссияның еңсеуір рі жаудан тазартылды. Советтер Ода на қарсы соғыстың тек осы бір жы ының өзінде ғана немістер 4 миллион н аса адамынан айырылды.

Гитлер командованиесінің шабуыл ратегиясы 1941 және 1942 жылдарда ұрыстарда толық күйреді. 1943 жы фашист генералдарының толып жат н бекіністері мен камалдарына сүйене ырып, «ешпен қорғану» әдісін қолдана ырып, біздің әскерлердің қауырт ша ылын тоқтатпақ болған әрекеттерінің күшті бекіністер салынған, есепсіз көп зеңбіректер орнатылған. Неміс командованиесінің кейінге сақтаған күштерінің бә рі, ол түгіл батыс майданындағы әскерлерінің көп дивизиялары осы жерге әке лінген. Нәмістердің батыстағы қорғану күші мүлдем нашарлатылған. Гитлер ко мандованиесінің мұнысы жауыздық әре кет еді. Ол Қызыл Армияны тоқтатып, мұнымен бірге одақтастар арасында бір біріне сенбеушілік туғызуды көздеген еді.

Бірақ, жаудың әдіс-айласының, қар сылық көрсету әрекетінің бәрі іске аспа ды. Әскерлеріміз кең жайылған терең өзеннен де, қалың ормаңнан да, қорғану ға даярланған толып жатқан бекіністер ден де бөгелмей өтіп шықты. Артилле риямыздың, минометтеріміздің, совет авиа циясының еселеген соққысына жау төтеп бере алмады. Бірнеше күннен кейін ұрыс Берлиннің іргесіне таяды, онан кейін қаланың ішіне көшті. Әскерлері міз Берлинді жан-жағының бәрінен қор шап алды.

2 майда Берлин құлады. Бұл кезде Германияның жартыдан көп жерін біздің әскерлер және одақтастардың әскерлері алған еді. Ал, бірсыпра бағытта Қызыл Армия Эльба өзені бойында одақтастар әскерлерімен қосылған еді. 8 майда Гер мания командованиесі қарсылықты тоқ татып, лажсыздан тізе бүкті.

Сейтіп, тарихта кездескен ең ұлы со ғыстың бірі аяқталды.

Мұнан бұрынғы соғыстардағы Герма нияға қарағанда, бұл соғыста Гитлер Германиясы анағұрлым күшті, залым және тәжрибелі жау болып шықты. Со лай бола тұрса да, Германия қазір тал қандалды, қарсылық көрсету мүмкіншілігінің қандайынан болса да айырылды. Қызыл Армия мен совет халқы, олармен бірге бостандық сүйгіш бүкіл адамзат бұл тамаша тарихи жеңісті мерекелеуде.

Қызыл Армия мен совет халқы жеңді. өйткені олар өздерінің сүйікті отанын қорғады, өйткені олар елімізде совет өк метін—еңбекшілер өкметін орнаткан Октябрь Социалистік Революциясының ұлы табыстарын қорғады. Советтік социалистік құрылыс халқымыз бен оның қаһарман Қызыл Армиясына, жеңіс жолында кездескен кедергілерінің бәрін жеңбей қоймайтын сарқылмас ұлы күш беріп келді және беруде.

Советтер Одағына қарсы соғыс ашқан да Гитлер және оның фашистік қылмыс шы топтастары, Қызыл Армия нашар және соғысқа даярланбаған, Советтер Одағының халықтары арасында ұрыс-қағыс туады, жұмысшылар мен шаруалар ара Германиясы жеңілді. 9 май күні—жеңісіміздің мерекесі отанымыздың тарихынан, мәдениетті адамзаттың тарихынан советтік социалистік құрылыстың мерейі үстем болған күн, совет қаруының, дүние жүзін фашистік қара түнектің аза бынан құтқарған совет халқының мерейі үстем болған күн ретінде орын алады.

Бүкіл совет халқы бұл тарихи күндер де ұлы жеңіс қуанышына бөленуде, бұл қуанышты отанымыздың дамқы үшін отаншылдық жаңа істерге айналдыруға жұмылуда. Фабрикалар мен заводтарда, шахталар мен рудниктерде, колхоз бен совхоз егін даласында, білімпаздардың лабораторияларында, мекемелерде—барлық жерде социалистік жарыс онан сайын кең өріс алуда. Совет халқы жаудың салған ауыр жарахатынан айығады. Отанымыз онан сайын гүлденіп, қуаты арта береді.

[illegible] кан еді. Бірақ, МТС басшыларының бұл дауырығуынан жұмыска келген зыяннан басқа, пайда болмады. Колхоздағы егін бригадасы көктемгі егіс кезінде істелетін жұмыс жоспарын 22 майдың өзінде 130 процент орындаған болса, трактор бригадасы 25 майға дейін 52 процент ғана орындады.

Колхоздың егіс даласында трактор бри гадасының көшіп шыққанына бір айдан астам уақыт өтті. Осы мерзім ішінде № 11 СТЗ тракторымен бірде-бір гектар жер жыртылмады. Бригададағы екінші бір трактор да оқта-текте ғана жұмыс істейді. Бұл жағдай Гончаренко және Сидоренко жолдастарға әлде қашаннан бері мәлім еді. Бірақ олар колхоздардағы трактор паркінің өнімді жұмыс істеп, көктем де тракторлмен істелетін жұмыс жоспарын толық орындап шығуына жағдай жоніндегі республикалық онкүндік аяқталуға жақын. Алайда, Налобин МТС көктемгі егіс кезінде тракторлмен істейтін жұмыс жоспарын орындауда мүлде артта қалды.

Осының салдарынан «Путь Сталина», «Трудовик» және Калинин атындағы колхоздарда егіс жоспарының 1 июньге дейін орындалмай қалу хаупі туып өтыр. Калинин атындағы колхозда 1123 гектар орнына, небары 438 гектар ғана егіс егілді. Ал «Трудовик» колхозы 1038 гектар орнына, 672 гектар ғана егіс екті.

Трактор паркінің жұмысын ойлағыдай ұйымдастырмай, МТС қамтуындағы колхоздарда егісті кешеуілдетіп отырған Налобин МТСның басшыларына облыстық жер бөлімінің қызметкерлері не дер екен?

Н. ХАМИДУЛЛИН.

ЖӨНДЕЛІДІ

Горшенков жолдас председатель болып істейтін Каганович атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Мамлют ауданы) мүшелері көктемгі егісті қамтау жоніндегі республикалық онкүндіктің алғашқы күндерінде егіс жоспарын толық орындап шықты. Мұнымен қатар, олар кировшілердің үлгісі бойынша, жоспардан тыс 110 гектар егіс екті.

Қазір колхозда егістен кейінгі ауыл шаруашылық жұмыстары қызу жүргізілуде. Колхозшылар пішен шабуға әзірлік жұмысын ерте колға алып, қазірдің өзінде 9 шөп машинасын жөнделіп қойды. Лобогрейкалар да күшті қарқынмен жөнделіп жатыр.

М. ХОЛИН.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 25 май. (ТАСС). Минданао аралында (Филиппин аралдарында) Американың 3 жаяу әскер дивизиясының аралдың орталық бөлегінде бірімен-бірі қосылғандығы және сонымен қатар, жапонның қорғану шебін екі бөлшекке бөліп тастағандығы ресми түрде жарияланды.

25 майда одақтастардың 14-армиясының бөлімдері Рангуннің (Бирмада) батыс жағында 88 миль жердегі Бассейн маңызды өзен портына кірді. Орталық секторда жапондықтар әлі күнге дейін Ирравади өзенінің батыс жағындағы шепті өз қолдарында ұстап тұр.

ВАШИНГТОН, 25 май. (ТАСС). Окинава аралының оңтүстік жақ бөлегінде сол түстік қанатта қыймыл жасаушы теңіздік жаяу әскер бөлімдерінің Асато өзені арқылы өтетін екі көпір салғандығын және бұдан соң жаяу әскер бөлімдерінің Наха қаласына басып кіріп, ондағы американ бөлімдеріне көмекке барғандығын АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

АЛДАҒЫ УАҚЫТТА АНГЛИЯДА БОЛАТЫН ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 24 май. (ТАСС). Рейтер агенттігі саяси шолушысының хабарына қарағанда Англия парламентіндегі 640 орынға 2000дай кандидат ұсынылған. Консерватив партиясы 500 кандидат, Лейбористер партиясы 500 кандидат, Либеральдар партиясы шамамен айтқанда 300дей кандидат ұсынған.

Шолушының айтуына қарағанда, сайлау 5-немесе 11-июльде болмақ.

Дениттің және оның „үкметінің" тұтқынға алынуы

БЕРЛИН, 24 май. (ТАСС). Ағылшын және Америка командованиесі мен Совет Жоғарғы Бас командованиесі өкілдерінің өзара келісуі бойынша, быйылғы 23 майда Фленсбург қаласында гросс-адмирал Дениц және «Дениц үкметі» деп аталатын «Үкметтің» мүшелері, сол сияқты генерал-полковник Иодль (немістердің жоғарғы командованиесінің штаб бастығы), адмирал Фридебург және генералдар мен офицерлер тұтқынға алынды. «Дениц үкметін» және неміс штабын тарату, думаны американ командованиесінің өкілі генерал майор Рукстың председательдік етуімен және совет командованиесінің өкілі генерал-майор Трусовтың, Ағылшын командованиесінің өкілі генерал-полковник Фордтың қатысуы бойынша жүргізілді.

„ДЕНИЦ ҮКМЕТІ" МҮШЕЛЕРІНІҢ ТҰТҚЫНҒА АЛЫНУЫ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ ХАБАР

ЛОНДОН, 24 май. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, одақтастар әскерлері Фленсбургте гросс-адмирал Дениці, сол сияқты герман үкметі деп аталатын «үкмет» пен герман жоғарғы командованиесінің барлық мүшелерін тұтқынға алған. Сол сияқты, Фленсбург те Британ әскерлері германның жоғары дәрежелі 420 шамалы офицерін және төменгі дәрежелі 5 мың офицері мен солдатын қолға түсірген. Дениципен бірге, герман бас штабының бұрынғы бастығы генерал-полковник Иодль, сыртқы істер министрі граф Шверин фон Брозик, қару жарақ министрі Шпеер және басқалар тұтқында отыр. Герман флотының бас қолбасшысы адмирал Фридебург өзін-өзі өлтірген.

Гиммлердің өзін-өзі өлтіруі

ЛОНДОН, 24 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Англияның 2-армиясы штабындағы арнаулы тілшісінің хабарына қарағанда, гестапо бастығы бас кесер Гиммлердің бүгін өзін-өзі өлтіргендігі ресми түрде жарияланған.

ЛОНДОН, 24 май. (ТАСС). Англияның 2-армиясының бөлімдері 21 майда Гиммлерді тұтқынға алып, 22 майда оны май дандағы хауіпсіздік орындарының қарамағына бергендігін Рейтер агенттігінің Англияның 2-армиясы штабындағы тілшісі хабар етті. Тұтқынға алынбастан бұрын ол өзіне жалған ат қосып, басқа киім киініп, көзін қара шүберекпен байлап және сақал мұртын қырып тастап жүрген көрінеді. 24 майға қараған түнде дәрігерлік жағынан қарау кезінде ол ойламаған жерде аузындағы ұу күйылған кішкене шынысы тісімен сындырып жіберген, сейтіп 15 минуттен кейін өлген.

Фельдмаршал Шернердің тұтқынға алынуы

ЛОНДОН, 21 май. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, Германияның соғыста тізе бүккендігі туралы акті жарияланғаннан кейін совет әскерлеріне қарсылық көрсетуді тоқтатпау туралы өз әскерлеріне бұйрық берген герман фельдмаршалы Шернер қазіргі күнде Американың 7-армиясында тұтқында отыр. Шернер Чехословакиядан Австрияға самолетпен ұшып барған жерінде тұтқынға алынған.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Редакцияның адресі: КҚСР Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 12. Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы.

УШ 00459.